

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІН ЖОЮ БОЙЫНША ЗАҢ ШЕҢБЕРІНДЕ ЖАСАЛҒАН АНЫҚТАМА

Ұйым атауы: «Мейірім оңалту орталығы» МКҚК

Анықтама №: 1/1

Құрастырылған күні: 24.06.2025 ж.

Негіз:

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V ҚРЗ «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 6-бабы 1-тармағы және мекемеішілік ішкі талдау нәтижелері.

1. ТӘУЕКЕЛДІК ЖАҒДАЙЛАРЫ МЕН СИПАТТАМАСЫ

1.1. Бірінші жағдай (2020 жылғы оқиға)

2020 жылғы 21 қаңтарда орталықтың қабылдау бөлімінің мейіргері Полат Н. медициналық көрсетілімдер мен жолдамалар толық болмағанына қарамастан, емделуші Жанабилов О.-ны «Даму-Мед КМИС» ақпараттық жүйесі арқылы тіркеген. Бұған дейін орталық дәрігері Нартбаева Н. қабылдаудан бас тартып, зерттеулердің толық еместігін алға тартқан.

Мәселе:

Мейіргердің қабылдау және тіркеу бойынша әрекеті ҚР Денсаулық сақтау саласындағы тиісті нормативтік құжаттарда белгіленген өкілеттік шеңберінен асып кеткен. Мейіргер науқасты порталға заңды негізсіз тіркеп, дәрігердің тікелей шешімін айналып өтуге жол берген.

1.2. Екінші жағдай (2025 жылғы оқиға)

2025 жылдың 25 мамырында мекеменің ішкі бақылауы барысында емделуші Бахытжанұлы Е. 03.03.2014 жылғы мәліметтермен «Даму-Мед КМИС» порталында қайта тіркелгені анықталды. Бұл техникалық ақаудың нәтижесі болған. Осы уақыт аралығында қабылдау бөлімінің мейіргері Полат Н. портал арқылы пациентті қабылдауға рәсімдеген.

Мәселе:

Техникалық қате медициналық ақпараттық жүйеде пациенттің жалған немесе сәйкессіз дерекпен тіркелуіне мүмкіндік берген. Ақпараттық жүйенің осалдығы

және қабылдау бөлімінің жағдайды нақтыламауы басқарушылық және этикалық тәуекел туындатқан.

2. ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖӘНЕ НОРМАТИВТІК НЕГІЗДЕМЕ

- ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы (18.11.2015 ж.) – 6-бап: мекемелердің сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау арқылы анықтау және жою міндеті.

- ҚР ДСМ нормативтік актілері – мейіргерлер мен қабылдау бөлімінің міндеттері нақты белгіленген.

- ҚР “Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы” Кодексі – пациенттерді қабылдау тәртібі, тіркеу және дәрігерлік шешім қабылдау өкілеттілігі заң жүзінде тек дәрігерлерге берілген.

3. ТӘУЕКЕЛДЕРДІҢ СИПАТЫ

Анықталған екі жағдай бойынша нақты сыбайлас жемқорлық фактілері тіркелмегенімен, келесі тәуекелдер орын алған:

- Қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану мүмкіндігі (мейіргер тарапынан өз бетімен тіркеу жасау);

- Ақпараттық жүйедегі техникалық ақау және оны дер кезінде түзетпеу;

- Басшылық тарапынан бақылаудың әлсіздігі мен шара көрудің кешіктірілуі;

- Ішкі ережелерді айналып өту арқылы жүйеге тіркеудің жүзеге асырылуы.

4. ҚАБЫЛДАНҒАН ШАРАЛАР

- Ішкі бақылау нәтижесінде қабылдау мейіргері тіркеу тәртібі қайта қаралды;

- Жауапты қызметкерлерге нұсқама жүргізілді, мейіргерлерге шектеулі өкілеттіктер бойынша ескерту берілді;

- Ақпараттық жүйе қызметін тұрақты техникалық аудитке қою тапсырылды;

- Жағдайды бақыламаған басшылыққа тәртіптік сипаттағы шара қолданылды;

- Мейіргерлер мен тіркеу бөлімінің қызметкерлері үшін “Қызметтік этика және өкілеттіктер” тақырыбында оқыту өткізілді.


5. ҚОРЫТЫНДЫ

Жоғарыда аталған жағдайлар сыбайлас жемқорлық фактісі ретінде қаралмағанымен, сыбайлас жемқорлық тәуекелін туындататын ахуал ретінде бағаланды. Бұл басқарушылық әлсіздік, техникалық бақылау жеткіліксіздігі және ішкі ережелердің сақталмауы нәтижесінде орын алды.


Қазіргі таңда:


Барлық анықталған тәуекелдер бойынша шаралар қабылданды. Алдағы уақытта мұндай жағдайлардың алдын алу мақсатында ішкі бақылау мен қызметтік өкілеттіктерді нақтылау жұмыстары тұрақты жүргізілетін болады.


Ішкі талдау тобының төрайымы:

 **Ә.А.Әбен**

Жұмыс тобының мүшелері:

 **Ф.Елтаева**

 **Т.Мұханова**

 **К.Тажитаева**